

БІЛІМ ШЫҢЫ-

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста...

ҒЫЛЫМ СЫРЫ

**БЕЙСЕМБАЕВ
ҒАНИ
БЕКТАЙҰЛЫ**

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі



WWW.BILIM-SHINI.KZ



Республикалық
ғылыми-әдістемелік,
танымдық,
мәдени-рухани
журнал

2015

ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНАН
БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ.

№09 (95) қыркүйек, 2023

БІЛІМ ШЫҢЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге! «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!

БІЛІМ ШЫҢЫ-

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста

ҒЫЛЫМ СЫРЫ



Журналға жазылыңыз!

Қазпошта арқылы 6 айға
жазылу бағасы 3440тенге
индекс:74871

Сіздерден құнды
материалдар
күтеміз!

Журнал лицензиясы -
№15454-Ж (01.07.2015)
Республикалық журнал
+Сертификат+Грамота



Аттестацияға
100% жарамды

8778 625 20 78
8775 076 78 76

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ: БІЛІМ АЙЫ

*ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор*



Жаңа оқу жылы жақсы жаңалықтармен басталды.

1 қыркүйек – «Білім күні» жылдағы дәстүр бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. «Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында нақты айттым. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады» деген Президентіміз сапалы орта білім алу әрбір баланың мызғымас құқығы екеніне, сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет екеніне ерекше тоқталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Балалар арасында жалпы-адамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек. Отаншылдық және мемлекетшілдік қасиет әр баланың бойынан табылуы қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың жұмысын жандандырған жөн» деп өскелең ұрпақтың тәрбиесі өте маңызды мәселе екеніне тоқталып, ҚР Оқу-ағарту министрлігіне осы мақсатта жұмыс жасауды тапсырды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрі Бейсембаев Ғани Бектайұлының басшылығымен құрылған Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаменті «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» жасап, 1 қыркүйектен бастап мектепке дейінгі, жалпы орта мектеп кәсіптік білім ұйымдарына енгізді.

Жаңа оқу жылы қарсаңында Астана қаласында Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бірлесіп өткізген «Біртұтас білім беру бағдарламасы: құндылықтар және оларды қалыптастыру жоспары» атты республикалық

семинарға республика педагогтері мен мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әдіскерлер, білім басқармаларының өкілдері қатысты. Республикалық семинардың 60 қатысушысына өз өңірлерінде тәрбие жұмысына тәлімгер болу жүктелді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары бекітіліп, жұмыс жасалуда. Кешенді жоспар ұстаздарға, сынып жетекшілеріне ең қажет құжат деп ойлаймын. Өйткені, бұл құжатта «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» іске асыру жолдары нақты көрсетілген.

Тәрбие жұмысының басты бағыттары айқындалды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша кешенді жоспарында оқу жылының 9 айына 9 тақырып қойылған. Қыркүйек айы «Білім айы» деп аталады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша еліміздегі барлық балабақшаларда, мектептер мен колледждерде бірдей тәрбие жұмысы жүруде. «Білім айы» деп аталғын қыркүйек айында А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар, Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл, Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл іс-шаралары өтеді. «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» тәрбие құндылықтарына негізделген тәрбие жұмыстарының жүйелі жүзеге асуына барлық министрлік, барлық сала қызметкерлері, білім ұйымдары атсалысады, әсіресе сынып жетекшілеріне үлкен міндет және жауапкершілік жүктеледі. Сынып жетекшілерінің жас жеткіншектерді ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудегі еңбектері мен жетістіктерін бағалау жолдары қарастырылуда.

Мағжан Жұмабаевтың «Тәрбие – ұлт тәрбиесі болуы тиіс. Ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуі керек» деген сөзін әрдайым басшылыққа алып, жұмыс атқарған сынып жетекшілері Әділетті Қазақстанның адал ұрпағын тәрбиелеу ісінде биік жетістіктерге жетеді деп сенеміз.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Біз өздеріңізбен әрқашан еліміздегі білім саласының тың жаңалықтарымен бөлісіп, ынтымақтастықта жұмыс жасаудамыз.

2023-2024 оқу жылының алғашқы саны қолдарыңызға тигелі отыр. Біз, педагогтардың көмекші құралына, сырлас әрі шын досына айналған «Білім шыңы-Ғылым сыры» журналы арқылы «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» атты тамыз кеңесінде Қазақстан республикасы Оқу және ағарту министрі Бейсембаев Ғани Бектайұлының баяндамасын әрқашан ұстаз жанынан табылсын деген оймен жариялауды жөн санадық.

Биыл білім беру қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесі алғаш рет жаңа форматта өтті. Бұл білім саласына үлкен серпін алып келеді деген сенімдеміз.

2023 жылдың 24-25 тамыз аралығында елдің 20 өңірі бойынша білім қызметкерлерінің республикалық «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» атты тамыз кеңесі өтті.

Барлық 20 өңір тақырыптық бағыттарға бөлінді.

Атап айтар болсақ: 24 тамызда өңірлерде келесі тақырыптық бағыттар бойынша секциялық отырыстар өткізілді.



- *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – Қызылорда облысы;
- *Ауыл мектебін дамыту – Ақтөбе облысы;
- *Оқуға құштар ұлт – Абай облысы;
- *Инклюзивтік және арнайы білім – Қостанай облысы;
- *Педагог мамандарды дамыту – Солтүстік Қазақстан облысы;
- *Дарынды балалар - ұлт зиялылары – Ұлытау облысы;
- *Инновациялық білім технологиялары – Алматы облысы;
- *Балалардың демалуы мен сауығуы – Ақмола облысы;
- *Жайлы инфрақұрылымды қалыптастыру – Астана қаласы;
- *Балалар үшін тең мүмкіндіктер – Қарағанды облысы;
- *Мектепте дұрыс тамақтану - ұлт саулығының кепілі – Алматы қаласы;
- *Қосымша білім беру – Шығыс Қазақстан облысы;
- *Ұлттық құндылықтар негізіндегі тәрбие – Түркістан облысы;
- *Балалар үшін - қауіпсіз орта – Атырау облысы;
- *Техникалық және кәсіптік білім беру – Павлодар облысы;
- *Білім мазмұнын жақсарту арқылы сапаны арттыру – Маңғыстау облысы;
- *Білім саласындағы бақылау және бағалау – Жамбыл облысы;
- *Білім саласындағы қаржы-құқықтық тәртіп – Жетісу облысы;
- *Білім саласындағы басқару негіздері – Батыс Қазақстан облысы;
- *Білім саласындағы цифрлық шешімдер – Шымкент қаласы.

25 тамызда онлайн режимде қосылатын 20 өңірдің қатысуымен Бірыңғай республикалық пленарлық отырыс өтілді. Оған білім беру жүйесінің 12 мың қызметкері қатысты. Форумның пленарлық отырыстары министрліктің, облыстық білім басқармаларының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың Facebook, Instagram және YouTube желілеріндегі парақшаларында көрсетілді. Дегенмен, біз сіздерге журналымыздың әр номерінде 20 өңірдегі талқыланған тақырыптар терең тоқталып, арнайы мақалалар беріп тұратын боламыз.

МҰҒАЛІМ

ҚОҒАМДАҒЫ БАСТЫ ТҰЛҒА БОЛУЫ ТИІС



Елімізде білім саласының басым бағытта дамуына және мұғалім мәртебесінің биік болуы үшін барлық жағдай жасалған. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Instagram парақшасында ұстаздар мен оқушыларды Білім күні мерекесімен құттықтап, «Өскелең ұрпақ – еліміздің ертеңі! Мемлекет жас өрендердің сапалы білім, тағылымды тәрбие алуы үшін барлық жағдайды жасайды. «Мектептің жаны – мұғалім» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ұстаздың бала тәрбиесіндегі орны ерекше. Әр оқушының тұлға болып қалыптасуында мұғалімдер маңызды рөл атқарады. Сондықтан біз педагогтерді әрдайым қолдаймыз» деп атап өткен болатын.

Біз білім саласында көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Қабылданып жатқан жүйелі шаралардың арқасында бірнеше жыл бойы Халықаралық рейтингтерде еліміздің білім беру саласында оң өзгерістер байқалады. Мысалы, «Білім» факторы бойынша IMD цифрлық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде (Institute for Management Development - Халықаралық басқарушылық даму институты, Лозанна, Швейцария) Қазақстан өз нәтижелерін 6 позицияға жақсартып, 30-шы орынды иеленді. «Білім беру саласына жұмсалатын қаржы» факторы бойынша еліміз 33-орынға шықты. 2021 жылы еліміз 62-орында болған еді. 2023 жылы мемлекеттік бюджеттен білім саласына жұмсалған қаржы көлемі 2020 жылмен салыстырғанда екі есеге артып, 5,5 трлн. теңгені құрады.

Адами капитал көрсеткіштері бойынша Жаһандық инновациялар индексіне нәтижелеріміз айтарлықтай жақсарды. 2018 жылы 71-ші орында болсақ, 2022 жылы 60-шы орынға көтерілдік. Жалпы, мемлекет барлық деңгейде сапа мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін қолдан келгенінің барлығын жасайды. Сондықтан өскелең ұрпақтың алған білімі мен іскерлік қасиеті еліміздің негізгі күшіне айналуы тиіс. Осы мақсаттарға жету үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қабылданды, «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім

беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» және басқа да стратегиялық құжаттар жүзеге асырылуда.

«Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес барлық педагогтердің еңбек жағдайы жақсарды. 2012 жылдан бері республикалық «Үздік педагог» байқауында еліміздің 620 мұғалімі жеңімпаз атанып, әрқайсысы 1000 АЕК көлемінде қаржы алды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мектептегі педагогтердің айлық жалақысы тағы да 25%-ке өсіп, орта есеппен 450 мың теңге болды. Қазіргі кезде 217 мың (63%) мұғалім аттестаттаудың жаңа жүйесінің қорытындысы бойынша негізгі жалақысына қосымша ақы алууда.

Педагогтерді аттестаттау жүйесі жеңілдетілді. Педагог мәртебесін көтеруде біз ұстаздарға деген көзқарасты өзгертуіміз керек. Елімізде 350 мыңнан аса мұғалім бар. Олар балаларымыздың білім-біліктілігін арттыруда, жас жеткіншектерімізді тұлға етуде үлкен қызмет істеп жатыр. Сондықтан да мұғалімнің жұмысы шығармашылық жұмыс болуы керек. Ол ешнәрсеге алаңдамауға тиіс. Осы мәселені зерттей, зерделей келе, әріптестермен ақылдаса келе, бұған дейін портфолио жинайтын болса, оны алып тастауды шештік. Өйткені ол қағазбастылыққа, мұғалімнің негізгі жұмысынан алаңдатуға алып келетіні дәлелденді. Көптеген ұстаздар қажетсіз тестілеудің көп екенін айтуда. Оны да зерделедік. Сондықтан да педагогика-психологияға қатысты тесттерді алып тастап, тек мұғалімнің өз пәніне қатысты тестті қалдырдық. Негізгі ұстаным – мұғалімнің жетістігі оқушының жетістігімен бағалануы керек. Яғни, мұғалім неғұрлым оқушыны жетістікке жеткізіп, білімін ұштап жатса, соғұрлым ондай мұғалімдерді іздеп тауып, көтермелеуіміз, қолдауымыз керек.

Қазақ халқының ақиық ақыны, ұлы ағартушысы Мағжан Жұмабаев: «Алты алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген болатын. Министрлікке мұғалімдердің көп жылдар бойы жұмыс істесе де өз еңбегі үшін марапатқа ие болмағаны туралы өтініштер

жиі түседі. Біздің әрқайсымыз үшін мұғалім – бұл біздің өмір жолымызды анықтайтын, жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайтын адам. Сондықтан біз мұғалімнің бас әріппен жазылған мұғалім ретіндегі бұрынғы имиджін жандандыруға міндеттіміз. Ол үшін Оқу-ағарту министрлігі білім саласында 30 жыл және одан да көп уақыт еңбек еткен ұстаздарды «Еңбек ардагері» медалімен марапаттау туралы шешім қабылдады. Мемлекет басшысының тапсырмасы және Президенттік Жастар кадрлық резервінің үлгісі бойынша «Білім беру өзгеріс-терінің 1000 көшбасшысы» кадр-лық резервін қалыптастыру жобасы жасалуда. Жобаның мақсаты – кәсіби көшбасшыларды іріктеу және дайындау. Бұл жоба пилоттық режимде іске қосылды.

Министрлік білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін, мықты және тәжірибелі басшыларды «Болашақ» бағдарламасы бойынша 3-6 айлық шетелдік тағылымдамаға жіберу жөнінде шаралар қабылдауда. ҚР Оқу-ағарту министрлігі жанындағы ардагерлер кеңесі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жаңғырту мен дамыту жөніндегі кешенді шешімдерді қабылдау мақсатында құрылды. Білім беру саласына еңбегі сіңген қызметкер, қоғам және мемлекет қайраткері Жақсыбек Күлекеев Кеңес төрағасы болып сайланды. Кеңес құрамын дана ұстаздардың қатарымен толықтыру білім беру жүйесінің сапасын арттыруға көмектеседі. Біз көпжылдық тәжірибесі бар әріптестеріміздің кәсіби көмегіне сенім артамыз. Бірлескен күш-жігерімізбен балаларымыз үшін барынша жақсы жағдай жасалады деп сенемін.

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясат әрбір балаға мектепке дейінгі сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бағытталған. 11 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйымға 1 млн.-ға жуық бала барады. 100 мыңға жуық педагог балабақшаларда тәрбие және оқыту мәселелерімен айналысады. Балабақшалардағы кезек мәселесін шешу үшін жыл басынан бері 32,8 мың орындық 332 мектепке дейінгі ұйым ашылып, жыл соңына дейін тағы 48 мың орын енгізілетін болады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша баланы кезекке қою және мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау үшін жолдама алу бойынша мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету үшін Есепке алудың бірыңғай базасы құрылады. Мемлекеттік білім беру стандарты, оқу бағдарламасы, оқыту жоспарлары мен әдістемесі қайта қаралды, мектепке дейінгі ұйымдарды жаратқандыру нормалары бекітілді, біліктілікті арттырудың 24 бағдарламасы әзірленді. Барлық 20 өңірде әдістемелік кабинеттер жанынан балабақша тәрбиешілеріне көмек көрсету үшін мобильді топтар құрылды, 79 балабақша базасында тәжірибені тарту мақсатында «Құзыреттілік орталықтары» құрылды.

Өткен жылдан бастап енгізіліп жатқан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі оң нәтиже бере бастады. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі үшін барлық мемлекеттік балабақшалар бейнебақылаумен жабдықталған. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құзіретті мамандарды тарту мақсатында биыл қыркүйек айынан бастап тәрбиешілердің жалақысы 30%-ға артты және бұл шара өз жалғасын табады. Қазір балабақшаның әрбір тәрбиешісі өзінің негізгі міндеті баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету екенін білуі керек.

Біз тәрбие жұмысының рөлін күшейтуге көп көңіл

бөлеміз. Сондықтан, бұл жұмыста біз үшін ата-аналардың (Ата-ана-Мектеп-Бала) қолдауы өте маңызды. Осыған байланысты, биыл 1 қыркүйектен бастап барлық білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (Ата-аналар академиясы) жұмысын бастады. Олардың басты басымдықтары – балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы бойынша жұмысты күшейту және ата-аналардың позитивті мәдениетін дамыту.

Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталды. Атап айтқанда – патриотизмді, білімпаздықты, нағыз маман болуды, үнемшілдікті, еңбекқорлықты қалыптастыру. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізілуде. 1 қыркүйектен бастап 2023-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру басталды. Ол жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған және 5 млн. білім алушыны, сондай-ақ ата-аналар мен жұртшылықты қамтиды. Биыл алғаш рет білім алушылармен тәрбие бағдарламаларында оқыту үшін ішкі істер, төтенше жағдайлар, қорғаныс министрліктері мен ұлттық қауіпсіздік комитеті өкілдері тартылатын болады.

Біз оқу сауаттылығының рөлін күшейтуге, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап арқылы тәрбиелеуге көп көңіл бөлеміз. Қазір білім беру ұйымдарында көркем әдебиет қоры 3,7 млн. данаға ұлғайды және жүйелі түрде дамитын болады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Балалар кітапханасы» жобасы іске асырылуда, оның шеңберінде мектеп кітапханаларының қорын отандық және әлемдік әдебиеттің үздік үлгілерімен толықтыру жоспарлануда. Бұл жоба ұлттық құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеуге және жалпы кітапқа деген қызығушылықты оятуға бағытталған.

Бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыру үшін Министрлік спорттың 10 түрі бойынша мектеп және студенттер лигаларын, сондай-ақ қысқы, жазғы Гимназиаданы, Республикалық көп деңгейлі жарыстар мен турнирлерді өткізеді. Тоғызқұмалақ, Асық ату ұлттық спорт түрлерін дамытудамыз. Тек биыл ғана Ұлттық мектеп лигасы аясында 2 миллионнан (62%) астам оқушының қатысуымен 39 жарыс өткізілді, 800-ге жуық оқушы ХІ қысқы гимназиадаға қатысты.

Біздің басты мақсатымыз тәрбие мен оқытудың жайлы ортасын құру болып табылады. Балаларымыздың болашағы, яғни Қазақ Елінің болашағы біздің бәрімізге, әр мұғалімнің қажырлы еңбегіне байланысты. Мұғалім қоғамдағы басты тұлға болуы тиіс.

Қазақстанда педагогтердің кәсіби мерекесі – “Мұғалімдер күні” 5 қазан болып бекітіліп, биыл бірінші рет осы күнге аталып өткелі отыр. Бұл мереке әлемнің 100-ден астам елі атап өтетін Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді.

Барлық ұстаздар қауымын төл мерекесімен құттықтап, еліміз үшін ең маңызды қызметіне шығармашылық табыс, отбасына бақ-береке тілеймін. Алға қойылған міндеттер аса маңызды, әрі өзекті екені белгілі. Жалпы, білім беру саласында бәсекелестіктің жаңа деңгейіне көтерілу үшін, ең бастысы балаларымыздың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін біз әрдайым аянбай еңбек етуге тиіспіз.

БЕЙСЕМБАЕВ Ғани Бектайұлы
Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі
Тамыз кеңесі 2023

АҚШ-та алты апта біліктілігін арттырған ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

*АЛИБАЕВА Нургуль Расулбековна,
Д.Нұрпейісова атындағы №116 жалпы
орта білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы*



Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Басқадан кем болмау үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек» деген сөзі қазіргі кезде де өте өзекті болып тұр. Еліміздің жас ұрпағының білімді болуы ең алдымен ұстазға байланысты екені белгілі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, оларға отансүйгіштік рухта жақсы тәлім-тәрбие беріп, жас жеткіншектердің болашағына дұрыс жол көрсетуде ұстаздың еңбегі зор. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп хакім Абайдың айтқанындай, әрбір жақсы істің, биік жетістіктің артында ұстаздың еңбегі бар екенін есте сақтайық. Мемлекетіміздің білім саласына қолдауын пайдалану үшін ұстаздың өзі де асқақ армандарға қол созып, талмай ізденуі, талаптануы керек. Биыл алғаш рет 5 қазан күні болып тұрақты белгіленіп атап өтілетін «Мұғалімдер күні» мерекесі қарсаңында біз сіздерді журналымыздың жаңа айдары «Үздікті үлгі етейік» арқылы жаңашыл ұстаз еңбегімен таныстыруды жөн көріп отырмыз. Осындай ұстаздың бірі Түркістан облысы, Түлкібас ауданының білім бөліміне қарасты Абай атындағы жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Нарбекова Динара Балкибекқызы. Жаңашыл ұстаз жақсы жаңалықтарын журнал оқырмандарымен бөлісуді жөн көрді.

«Мен өз пәнім – ағылшын тілі бойынша TOEFL, Language Cert тілді білу деңгейін анықтау тесттерін тапсырдым. Америка Құрама штаты IREX university “Fulbright Teaching Excellence and Achievement” тәжірибе алмасу бағдарламасының қатысушысы және сертификат иегері болуды мақсат еткен едім, қол жеткізіп, Сертификатқа ие болдым. Үнемі ізденісте жүрдім, өзімді әрдайым дамытып отырдым. Әдістемелік тәжірибемен қатар тілдік деңгейді де дамыту мақсатым болды. Ағылшын тілді елдерге барып арманымды іске асыру үшін түрлі жолдарды қарастырдым, осы орайда “Fulbright Teaching Excellence and Achievement” бағдарламасы жөнінде АҚШ



елшілігінің инстаграм парақшасынан үйреніп, бірден қатысушы ретінде тіркелдім. Жалпы бұл грантты ұтып алу үшін үш кезеңнен өту керек болатын. Берілген тақырыптарда ағылшын тілінде эссе жазу, эссе жазудың басты шарты плагиат болмау және интернет көздерінен алынбаған болу, екінші кезең Вашингтонда орналасқан IREX университеті мамандарымен сұхбаттасу. Сұхбаттан ойдағыдай өткен болсаңыз электронды поштаңызға келесі кезеңге сәтті өттіңіз деген хабарлама келеді. Соңғы кезең TOEFL тестін тапсыру. Жоғарыда айтылған барлық кезеңдерден сәтті өтсеңіз сізге Вашингтоннан құттықтау хаты жолданады деп ескертілген болатын. Жеңімпаз атанғаннан кейін Америка Құрама Штатына 6 аптаға аттанып, әлемнің 23 елінен келген қатысушылармен бірге тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болдым. Бізді қонақ еткен университет доктор, профессорлармен құнды тәжірибе алмасып қана қоймай тілдік деңгейімізді де едәуір көтеру мүмкіндігі болды. Американдықтардың нағыз өмір сүру салттары мен дәстүрлерін өз көзіммен көрдім, себебі бір емес бірнеше отбасында 2-3 күннен қонақ болдым. Жалпы американдықтар өте сыпайы, үнемі күлімдеп жүреді және қазақтар секілді қонақжай халық екен. 2 апта бойы Американың үздік мектебі атағын 3 жыл қатарынан ұтып алған мектепте тәжірибе алмасу мүмкіндігі болды. Мектептері барлық қажетті құралдармен жабдықталған екен. Мен өз

еліміз Қазақстан жайында 10,11,12 сынып оқушыларына сабақ өттім, сабақ соңында оқушылардан кері байланыс алдым, көбіне сабақтың ұнағандығы және Қазақстан еліне қызығушылық танытып, болашақта келгілері келетіндіктерін жазған. Жалпы өз тәжірибем алған дүниелерім және ондағы әріптестермен бөліскен де дүниелер көп болды деп сеніммен айта аламын. Өзім секілді ұстаздарға айтарым, үнемі өздеріңізді дамытып отырыңыздар. Біздің елімізде ол үшін көптеген мүмкіндіктер бар. Сол мүмкіндіктердің бірі - «Болашақ» бағдарламасы. 2023-2024 оқу жылында «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбритания елінде магистр дәрежесін алуға грант иегері атандым», - деп Нарбекова Динара Балкибекқызы әріптестеріне әдемі естеліктерін бөлісе отырып ұстаз ізденсе, алға ұмтылып, асқақ армандарға қол созса, түбінде бұл ұмтылыс білім шыңына шығаратынын, биікке жеткізетінін айтып берді.

PS. АҚШ-та алты апта біліктілігін арттырған ұлағатты ұстаз енді Англияға білімін жетілдіруге аттанады. Бұл еліміздегі мұғалімдердің мүмкіндіктерін және ұстаздарға деген үлкен құрметті білдіреді. Жас ұрпаққа сапалы білім мен жақсы тәрбие беріп жүрген барлық ұстаздар қауымын Мұғалімдер күні мерекесімен құттықтап, ізгі істеріне шығармашылық табыс тілейміз.

Редакциядан.

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ТАРИХИ АҚПАРАТТЫ (ФАКТИЛЕРДІ) ЕСТЕ САҚТАУДЫҢ НӘТИЖЕЛІ ТӘСІЛДЕРІ

**ИБРАЕВА Рыскул Сағынтайқызы,
Шымкент қаласы білім басқармасының
Әдістемелік орталығы, тарих пәні әдіскері.**



Есте сақтау жады секілді танымдық процеспен тығыз байланысты.

Оқушыларға тарихты оқыту барысында тарихи материалдарды жаттаудың нәтижелі тәсілдерін үйрету керек. Оларға мыналар жатады:

- оқылған мәлімет бойынша жоспар құру,
- фактілер арасында байланыс орнату,
- белгілі фактілерді топтастыру,
- тірек пункттерін бөлу.

Фоксфорд (Foxford) медиа білім алушылар мен оқытушылар үшін тарихи күндерді есте сақтаудың бірнеше жолын ұсынады.

Жүйелеу

Бірінші әдіс – күндерді тарихи кезеңдерге, тарихи оқиғаларға, билеушілерге сәйкес топтарға біріктіріп жазу және жаттау. Мысалы, Ұлы Отан соғысының негізгі күндерін, Александр II билігінің негізгі кезеңдерін, қиын уақыттағы оқиғалардың хронологиясын бөлек топқа біріктіруге болады. Топтау күндерді есте сақтау үшін оларды сөрелерге бөлуге және тарихи фактілермен байланыстыруға көмектеседі.

Күндерді есте сақтауды жүйелеудің екінші тәсілі - тарихи оқиғалар арасындағы байланысты бақылау және өзара байланысты күндер тізбегін құру. Бір тізбекте, мысалы, татар-моңғол ұлысы кезеңіне қатысты күндерді байланыстыруға болады:

- 1223 жыл – Калке өзеніндегі шайқас;
- 1237 жыл – Бату шапқыншылығы;
- 1240 жыл – Киевтің құлдырауы және ұлыс құру;
- 1380 жыл – Куликово шайқасы;
- 1480 жыл – Угра үстіндегі ұрыс.

Тізбектерді құрастыру кезінде бір оқиғадан екінші оқиғаға дейін қанша уақыт өткеніне назар аудару өте пайдалы: 5, 10, 20, 100 жыл, 100-ден астам.

Күндерді есте сақтауды жүйелеудің үшінші нұсқасы – әртүрлі елдердегі немесе әртүрлі тарихи кезеңдердегі тарихи оқиғалар арасында параллельдер жүргізу. Мысалы, 1861 жылы Ресейде басыбайлылық құқығы жойылды, ал АҚШ-та азаматтық соғыс басталды. Сонымен қатар, сол күні немесе сол айда болған, бірақ әр жылдары болған оқиғалардың күндерін есте сақтауға болады.

Визуализация

Жылдам есте сақтаудың тиімді әдістерінің бірі – материалды визуализациялау. Тарихи күндерді есте

сақтау үшін:

- тапсырманы дұрыс ретпен орналастыруға болатын, жалпы белгілері бойынша топтастырылған күндері бар түрлі-түсті жапсырмалар;

- бір жағында күні жазылған карточкалар, ал екінші жағында – тапсырма беруге болатын оқиғалар сәйкестігін табу;

- кестелер, әсіресе егер олар жоғарыдағы ұсыныстарды ескере отырып жасалған болса: дәуірлер, кезеңдер, билеушілер және т. б. бойынша; кестенің бір бағанына күндер, екінші бағанына оқиғалар жазылады;

- интеллект карталары, олардың көмегімен күндерді кезеңдер бойынша немесе билеушілер бойынша топтастыруға болады, оларды есте қаларлық суреттермен, символдармен, суреттермен сүйемелдейді. Жадыңызда картаның визуалды элементтерін еске түсіргенде, қажетті күн бірден пайда болады.

Эмоциялар

Эмоционалды түрде боялған немесе біздің сезімдерімізге әсер ететін ақпарат құрғақ, жағымсыз фактілерге қарағанда әлдеқайда жақсы есте қалады. Бұл тарихи күндерге де қатысты, оқиға неғұрлым көп эмоциялар тудырса, оны еске түсіргенде соғұрлым көп суреттер пайда болады, соғұрлым оның күнін тезірек және берік есте сақтайсыз. Тарихи оқиғалармен эмоционалды резонанс жасау үшін әр түрлі жанрдағы өнер туындыларымен, кітаптармен, фильмдермен, спектакльдермен, әйгілі суретшілердің картиналарымен таныстыру тиімді. Белгілі бір оқиғаға қатысты тарихи еңбектердің тізімін жасаңыз және кестені негізгі даталардың реттілігін сақтай отырып, оқушыларды олармен таныстырыңыз.

Мнемотехника

Тарихи күндерді есте сақтау үшін аралық қайталау әдісі мен ассоциация әдісі қолайлы.

Аралық қайталауды қолдану арқылы есте сақтау кезінде мұғалім белгілі бір уақытты таңдайды, сол арқылы ақпаратты қайталайды, сонда мәліметтер жақсы есте қалады, мысалы, күніне 4-5 рет әр 3 сағат сайын. Интернетте арнайы тренажерлерді (Quizlet, Kahoot және т.б.) қолдану арқылы тарихи даталарды интервалды қайталауға арналған карталар жиынтығын жасап, оларды көрсетудің тиісті аралығын таңдауға болады (сәйкестікті табыңыз, артықты табыңыз, дұрыс ретпен орналастырыңыз, дұрыс опцияны таңдаңыз және т.б.). Бұл мобильді қосымшаларды белгілі бір

уақыт аралығында, қажетті даталар мен оқиғаларды, құбылыстарды жадта сақтау үшін пайдалануға болады.

Ассоциативті әдіс күнді оқиғамен байланыстыру үшін де, сандарды механикалық есте сақтау үшін де қолданылады. Мысалы, датаны жазып, әр жұп сандар үшін өз қауымдастығын ойлап табуға немесе өз өмірінен осы күн сәйкес келетін қандай да бір оқиғаны еске түсіруге болады. Тағы бір нұсқа — күнді, оқиғаны жазып, оларды қандай да бір тақырыппен немесе құбылыспен байланыстыру. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарын – өртпен, Мұз шайқасы күнін - мұз айдынымен байланыстыру және т.б.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, тарихи таным – бұл мектеп оқушыларын зерттеу шеберлігіне кезең-кезеңімен оқытудың үздіксіз процесі. Балалармен деректану қызметіне кірісе отырып, педагог барлық оқу курсы (мысалы, 5-сыныптан 9-сыныпқа дейін және 10-сыныптан 11-сыныпқа дейін отандық тарих бойынша курс) ауқымында дереккөздермен жұмыс қалай жүретінін, әрбір жеке кезеңде және курсты тұтастай аяқтағаннан кейін қандай нәтижелерге қол жеткізу керектігін көрсетуі тиіс. Егер құжаттардың фрагменттері дұрыс таңдалса және оқушылардың зерттеу дағдыларын игерудің оңтайлы әдістемелік әдістері таңдалса (негізгіден қызметтің неғұрлым күрделі тәсілдеріне) оқу-зерттеу қызметі өз жемісін береді. Басқаша айтқанда, зерттеу дағдыларын қалыптастыру біртіндеп, жүйелі түрде, дереккөздермен жұмыс сабақтарының мазмұны мен қалыптасқан метапән нәтижелеріне сүйену жағдайында алға жылжуы керек.

«Мұғалімнің мектеп оқушыларын тарихи дереккөздерді талдауға үйрету жөніндегі жұмысы барлық жылдар бойы жүйелі және мақсатты болуы үшін бағдар - өзіндік «жол картасы», ғылыми тарихи зерттеудің кезеңдері мен рәсімдері негізінде құрылған және мектептегі тарихи білім беру кезеңдерімен келісілген, оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен курстардың тарихи мазмұны бар оқушыларды тарихи дереккөздерді талдауға оқытудың стратегиясы мен қадамдық жоспарын көрсететін бағдарлама қажет» – деп атап көрсетеді О.М.Хлытина.

Егер жұмыстың барлық элементтері, кезеңдері мен нысандары мұқият ойластырылған болса, тарихи дереккөздермен жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, қызметтің мақсаттары мен міндеттері тұжырымдалады, оқытудың мәлімделген мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдар дайындалады (тарихи дереккөздердің үзінділері, кәсіби тарихшылар еңбектерінен үзінділер таңдалады, оларға қатысты мәселелер әзірленеді), тарихи дереккөздермен жұмыстың әдістемелік тәсілдері әзірленеді. Оқушылардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыруда жүйелі тәсілді қолдану, біріншіден, оқушыларға кезең-кезеңімен зерттеу дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді, екіншіден, оқыту мақсаттарына қаншалықты дәрежеде қол жеткізілгенін бағалауға, оқушылардың құжаттармен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларының қалыптасу дәрежесін бағалауға, оқушылармен жұмыстың осы нысанын жетілдіру жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.



БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БЕРДИМУРАТОВА Маржан Тастанбековна,
 №14 М.Сапарбаев атындағы жалпы орта мектебінің
 Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі пәні мұғалімі.
 Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Әр елдің болашағы сол халықтың білім, ғылым деңгейімен анықталатындықтан, оқу жүйесін неғұрлым тиімді құра білу қажеттілігі қай кезеңде де өзекті мәселе болып қалуда. Қазақ білім беру саласының шамшырағы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақша оқу жайы» еңбегінде: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі» деген пікір айтқан болатын. Бұл ұлағатты ойдың құндылығы бүгінгі таңда күн сайын айқын сезілуде.

Өткен ғасырдың басында отандық педагогтар білім оқушының шығармашылық потенциалына қаншалықты

әсер ететіні туралы мәселелерді бірнеше рет көтерді. Я.Зеленкевичтің, В.В.Розановтың жұмыстарында оқытуды даралау мен дифференциациялау қағидаларының негізінде білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру керектігі айтылған.

Яғни, сабақтың инновациялық жүйесі қалыптасуы керек. Инновация латынның “novis” – жаңалық; “in” енгізу деген ұғымды білдіреді, яғни “жаңару”, “жаңамын”, “өзгеру”, мағынасын береді. Үлкен энциклопедиялық сөздікте бұл ұғым “жаңаша білім беру” деп түсіндіріледі, яғни инновация – жаңалықты іздеу, жарату, енгізу және оны іс жүзінде қолдану үрдісі.

Қазіргі кезде “инновация” ұғымы біздің қоғамға еніп, қолданылып та келеді. Олай дейтінім, біз қазір кемелденген, өркендеген қоғамда өмір сүріп отырмыз. Мұның себебі әлемнің әр түкпіріндегі жаңалық атаулы әп-сәтте таралып, оны әр халық өзінің тұрмыс жағдайына, ақыл-ойларына қарай дамытып, іс жүзінде қолданып келеді. Міне, бұл да инновация. Бірақ бұл жердегі инновация мен қазіргі айтылып жүрген инновацияның арасында алшақтық бар. Себебі, бұрынырақ қалыптасқан инновациялық әдіс дәстүрлі әдіске айналып, ол жаңалық болып адамды қызықтырудан қалған. Инновация ол жаңашыл әрдайым, үздіксіз жаңарып отыратын әдіс. Ол әрдайым өзгеріп отыруы шарт. Істеген әрбір жұмысымыз инновацияға толы болса, онда ол шығармашылық болар еді.

Инновацияның қоғамға сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де енуі үшін, оның технологиясын құру керек. «Технология» ұғымы бірінші рет өткен ғасырдың 40-шы жылдары шетелдерде қолданысқа түсіп, педагогикалық үрдісте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды.

Технология – ол белгілі бір жоғарғы мақсатқа жету жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жиынтығы және жұмыс істеу реті. Яғни, технология терен ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, еңбек пен тәртіптің, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін алгоритм.

Ж.Қараевтың пайымдауынша, технология дегеніміз – әдістемелік жүйемен сәйкесті дидактикалық үрдістер кешенінің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер оның құрамды бөлігі.

Педагогикалық технология – оқу әдістері мен тәрбиелік құралдардан тандалып алынған психологиялық-педагогикалық жиынтық. Ол, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің жолын көрсететін құрал.

Педагогикалық технологияның дамуына үлес қосқан шетел оқымыстылары (Ж.Ж.Руссо, Я.Корчак, Г.Роджерс, Э.Берн т.б.), орыс оқымыстылары (К.Д.Ушинский, Н.П.Пирогов, Л.Н.Толстой т.б.), совет ғалымдары (Н.К.Крупская, С.Т.Шацкии, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, В.П.Беспалько, П.С.Селевко, С.С.Кашлев, В.М.Монахов, В.М.Волков, М.В.Кларин, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Ш.А.Амонашвили, В.П.Шаталов т.б.), қазақстандық ғалымдар Ж.А.Қараев, Г.М.Құсайынов, М.М.Жанпейісова, Т.Галиев, Н.Н.Нұрахметов, Г.К.Нұрғалиева, Ә.Ә.Жүнісбек, К.К.Қабдықайыров Ж.Қобдинова т.б. соның ішінде модульдік оқыту технологиясымен айналысқан ғалымдар Г.С.Күдебаева, С.С.Құнанбаева, К.Ж.Жаксылықова, Л.Екшембаева, М.М.Жанпейісова т.б. теориялық және практикалық жағынан дәлелдеп берді.

Білім берудің тиімділігін арттыру үшін оқу үдерісін адамды қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерді

есепке ала отырып ұйымдастыру керек. Ол маңызды өзгерістер ақпараттық салада. Бүгінде еліміздегі мектептердің компьютерлік сыныптары мен кабинеттері толық компьютерлі техникамен жабдықталған. Мультимедиялық кабинеттер білім сапасын көтеруге үлес қосып келеді.

Ғылыми-техникалық прогресс – компьютерлік техниканың жетістіктері білім беру саласында технологиялық жаңа әдістерді кеңінен қолдануды қажет етуде.

Кез-келген оқыту технологиясы – ақпараттық технология екенін ескерсек, оқыту үдерісінде білім беруді жоғары деңгейде, дарынды баланың шығармашылық белсенділігін дамытып оқыту жаңа ақпараттық технологияға көшуді қажет етеді.

Оқыту үдерісіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз – оқу мен оқу-тәрбие материалдарын, үйретуге арналған компьютерлік технология, компьютерлік технологияның оқу үдерісіндегі қызметі, мұғалімдер еңбегі мен оқушылардың білімін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы білім беру жүйесі.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуда білім берудің ең бір тиімді әдістерінің бірі – вариативтік әдіс болып табылады. Бұл әдіс барлық білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымына білім берудің кез-келген әдіс-тәсілін өз қалауларына тандап, ғылымда дәлелденіп, қолданыс тапқан авторлардың еңбектерін пайдалануына мүмкіндік береді.

Оларға профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Ш.А.Амонашвили, Е.Н.Ильин, Б.П.Никитин, С.Н.Лысенкова, В.П.Шаталовтың еңбектерін жатқызуға болады.

Білімді дифференциациялап оқыту әдісі де өте тиімді. “Дифференциация” латын тілінен аударғанда, “бүтінді әр түрлі бөліктерге”, “түрге”, “сатыларға бөлу” деген ұғымды береді. Егер осы дифференциациялап оқыту әдісінің технологиясын құратын болсақ ол мынандай бөліктерден тұрады: – жас ерекшелігіне қарай; – жынысына қарай; – қызығушылық аймағына; – ойлау қабілетіне; – денсаулығына қарай.

Жоғары дарынды оқушы басқа оқушылардан осы технологияны қолданғанда бөлініп қалмайды. Өйткені сынып алдын-ала топшаларға бөлінеді. Әр топшаның басында басшы-нұсқаушы, қадағалаушы, жоғары дарынды оқушы (лидер) тұрады. Топшаларға жеке тапсырмалар алдын-ала беріледі.

Блоктың жоспарында не істеу керектігі, қандай ғылыми әдебиеттер пайдаланып дайындалуға болатындығы ескертілетіндіктен, оқушылар әрқашан сабақта дайын әрі белсенді болады. Қорыта айтқанда, оқыту пәндерінен инновациялық білім беруде блоктап білім беру әдісін пайдалануға болады. Бұл жерде берілген тарау үлкен блоктармен ашылады. Оны әр мұғалім өзі сабақ жүргізетін сыныптың жағдайына қарап жасап алады.





БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ – ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖОЛ

БЕКБАУОВА Салима Абзаловна,
«Сырдария» мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты, терең білімді, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы - оқушыны шығармашылыққа жетелеп, өздігінен білім алуға бағыттау. Бұл әрине өз кезегінде мұғалімнен терең білім мен біліктілікті қажет етеді.

Осыған орай Түркістан облысы, Жетісай ауданы, №20 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 14 тамызынан бастап «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сынып Математика, Қазақ тілі және Әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды.

Бұл біліктілікті арттыру курсының мақсаты өмірбойы білім берудің үздіксіздігі, пәннің білім беру стандартының және негізгі жалпы білім беру бағдарламасының талаптарын түсіну, бастауыш мектептегі қазақ тілі, әдебиеттік оқу мен математика бағдарламаларына шолу, баланы бастауыш мектепте оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық негізін қалыптастыру, қазіргі математикалық таным туралы білім негіздерін және білім алушылардың зерттеушілік іскерлігі мен дағдыларын дамыту болып табылады.

Курс бағдарламасы оқыту сапасын арттыру үшін пәндер бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Математикалық идеялар мен білімнің негізін қалаған қызықты курс болды. Баланың қарапайым есептеу дағдыларын әртүрлі тәсілдермен қосу, азайту жолдарын және күрделі дағдыларды шамаларды қолдана отырып өлшеуді, композициялық есептерді шешуді, көбейтуді, бөлуді және т.б. қолдануды үйрендік.

Математикалық модельдеу әдістерімен танысып, теңдеулер, мәтіндік есептерді шешу кезінде ұжымдық жұмыс жасап, тартысты талқылаулар болды. Ең қызықты сәттер тиімді әдіс-тәсілдер мен керемет демо сабақтар орын алды. Білімге толы қызықты серпін сыйлады. Курстардың терең мазмұны мен мұғалімдердің жұмысын жақсы ұйымдастырғаны үшін «Өрлеу» ұжымына алғыс білдіремін. Курс тренері Жорабекова Гүлнұр Абдықадырқызы мұғалімдерге теория мен тәжірибені ұштастыруға, өз әрекеттерін жоспарлай және ұйымдастыра білуге, бағдарламаның күрделі тақырыптары мен тарауларын меңгеруге бағыт-бағдар бере отырып, мұғалімдердің пәндік құзыреттіліктерін дамытуға жағдай жасады. Тренерімізге айтар алғысым шексіз. Біліктілікті арттыру - табысқа жетелейтін жол.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы өрлей берсін!



ҰЛТТЫҚ ТУРИЗМ – ҰРПАҚТЫ БИІК МҰРАТҚА ЖЕТЕЛЕР САПАЛЫ БІЛІМНІҢ ТҰҒЫРЫ

**МЕЛДЕБЕКОВА Лаура Абдуллаевна,
Түркістан облысы білім басқармасы
«Облыстық жас туристер станциясы»
Қазығұрт аудандық бөлімінің әдіскері.**



Түркістан облысы білім басқармасы «Облыстық жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Қазығұрт аудандық бөлімі 2013 жылғы 1 қазаннан бастап жұмыс жасап келеді. Мекемеде 10 қызметкер, бөлім басшысы, әдіскер және 8 қосымша білім беру педагогтары жұмыс атқарады. Мекеме 2 бағыт бойынша туризм - өлкетану бағытында жұмыс жасайды. Мекемеде 8 қосымша білім беру педагогы әрқайсысы 12 оқушыдан 3 топ үйірме оқушыларымен, яғни бір педагог 36 оқушымен жұмыс жүргізеді. Қазіргі таңда үйірмеге 288 оқушы қатысып, туризм – өлкетану бағытында білім алуда. Өлкетану бағытында туған жердің тау-тасын, табиғатын, қыр-сырларын зерттеу қарастырылады. Үйірмеге қатысушыларға өз елін, туған жерін танып білуге зор мүмкіндік тудырылған. Туризм бағытында түрлі көп күндік сайыстар, жорықтар, әр түрлі туризм бағыттары су туризмі, тау туризмі, жаяу туризмі, ұлттық туризм, велотуризм бағыттары қарастырылады. Велотуризм бағыты бойынша. 2023 жылғы 23 қыркүйекте 27 қыркүйек Дүниежүзілік туризм күніне орай «Велотуризм – 2023» марафоны ұйымдастырылып жатыр. Бұл марафонда 40 үйірмеші велочеруге қатысады. Марафон арқылы үйірмешілерге велотуризм бағытымен кеңінен танысуға мүмкіндік туады. Велосипед туризмі, өзіндік туризмнің түрі -

велосипедпен болатын саяхаттар мен спорттық жорықтар. Велосипедпен кез-келген жолды өтуге болады, онымен терең орлар арқылы да жүруге болады, құмды жерлерді де, тасты тау жолдарын да, өзенді де кесіп өтуге болады. Үйірмешілер белгіленген бағытты жүріп өтеді. Әр бағыттағы туризмде өзінің артықшылықтары, қиындығы мен қызығы бірге жүреді. Жаз мезгілінде оқушылардың демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында 2023 жылғы 1 маусым мен 1 тамыз аралығында Ұлттық туризм бағытымен жұмыс жүргізілді. Ұлттық туризм өз ерекшелігі жетерлік. Ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер табиғи өнімдер құрт, қымыз, айран және ат әбзелдері, тазы, қыран тағы басқа ұлттық туризм қырлары зерттелді. Бала тәрбиесі – бүкіл қоғамның міндеті. Өскелең ұрпаққа ерекше көңіл бөліп, оларды игі істерге бағыттауымыз керек. Ұлттық туризм - ұрпақты биік мұратқа жетелер сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпағымыз ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір – қасиет, ар - намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды.



МҰҒАЛІМ- БАРЛЫҚ МАМАНДЫҚТЫҢ АНАСЫ



*КОСЖАНОВА Мерuert Муслумхановна,
Б. Момышұлы атындағы №12 жалпы білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Кентау қаласы*

Мақсаты: Оқушыларды ұстаздардың тәлім-тәрбие бағыттарын құрметтеуге үйрету, ұстаздарды сыйлауға өзіндік сүйіспеншіліктерін дамыту, ұстаз еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: мақал-мәтелдер жазылған плакаттар мен суреттер, шарлар, гүлдер.

Фанфар ойналады.

Мұғалім:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы, - деп ақын Ғ. Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, ойы дана ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етеміз. Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. Өнегелі ұстаздан – жақсы шәкірт шығары сөзсіз. «Ұстаз болу өзгенің бақытын аялау, өз уақытын аямау» - ұстаздық қызметтің бұдан артық анықтамасы болмас!

Бір баланың өмірге танымын, оқуға құштарлығын оятып, дұрыс бағыт сілтеген ұстаздың еңбегі зор. Ұстазын құрметтеген қаншама ақындарымыз небір өлең шумақтарын өмірге әкелді. Енді сол өлең жолдарымен ұстаздарға деген оқушылардың ықылас, пейілін тындайық.

1-жүргізуші:

Сәлем бердік ұстаздар баршаңызға,

Сіздермен тола берсін ортамыз да.

Бүгінгі ел басқарған азаматтар,

Білім алған сіздердің арқаңызда.

2-жүргізуші:

Бүгінгі күн құшақтарың гүлге толсын,

Денсаулығың ұстазым, мықты болсын!

Білімнен суарған шәкірттерін,


Төл мерекені ұстаздар, құтты болсын!

1-жүргізуші:

Ән-жырмен шуақ шашайық,

Сіздерді әнге қосайық.

Ақ тілек сұрап баршадан,



Шымылдығын сахнаның ашайық.

2-жүргізуші:

Есімде балғын шақтарым,

Ұстазға айтқан тақпағым.

Бүгінде міне ер жетіп,

Мектептің табалдырығын,

Ұстаз боп мен де аттадым, - дей келе ардагер ұстаздар мен жаңадан еңбек жолын осы мектептен бастағалы отырған ұстаздарды қошеметпен ортаға шақырамыз!

Ән: «Оқып біліп үйренеміз» Орындайтын Ашимханова Ұлжан

1-жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ұстаздар! «Ұстаз - ұлы тұлға» атты шәкірттеріңіздің ұйымдастырған мерекелік салтанатты кешіне қош келіпсіздер!

2-жүргізуші:

Ұстаз әнін айтып жүрдік ән қылып,

Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.

Ұстаз деген ұлылардың ұлысы,

Қасиетіне бас иелік мәңгілік!

Ұлжан:

Мектеп үйім, ұстаздарым, ата-анам,

Сенен өсіп, сенен ғана нәр алам.

Саяң ыстық, сен мәуелі бәйтерек,

Тамырланып сан тарапқа тараған.

Рамазан:

Нұрын төккен көк аспан күмбезінен,

Күлімдеуің ұқсайды күн көзіне.

Қолда болса ұстаздарға сыйлар ем,

Бар байлығын әлемнің бір сіздерге.

Ойын: «Пазл» қиылған мектеп, ұстаз, оқушы, кітап суреттерін құрастырып әңгімелеп береді.

1-жүргізуші:

Мұғалім – барлық мамандықтың анасы. Шәкірттерің білім нәрімен сусындатып, тәлім- тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруге ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да, ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

2-жүргізуші:

Ұстаз жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы былай деген: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасак, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз», деген екен.

Ендеше, келесі әсем әніміз өздеріңізге арналады.

Ән: «Ардақты менің ұстазым». Әні мен сөзі - Бота Бейсенованіңкі, Орындайтын - Оразымбет Раяна.

Раяна:

Ең аяулы есім ғой Ұстаз деген,

Бар тіршілік бақытты ұстазбенен.

Ұстазды жеткізгенше мұратына,

Білім іздеп лапылдап жана берем.

Аяна:

Ұстаздың оттай ыстық алақаны,

Болған соң ойлайтыны - бала қамы.

Баладан ұстазыма мың сан алғыс,

Өйткені ол ұстазымның ақ арманы.

Нұрислам:

Құрметті Ұстаздар! Сіздерді «Мұғалімдер күні мерекесімен» шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің бала көңілдеріңіз әр шәкірттің жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде.

Ансар:

Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады.

«Құпия қобдиша» Оқушылар дайындаған сұрақтарын қойып жауап берген ұстаздарға сыйлықтар таратады.

Диана:

Алғаш рет оятқансың санамды,

Алғаш рет ұстатқансың қаламды.

Сол үшінде мәңгі сыйлап өтермін,

Түсіндірген жақсы менен жаманды.

Бексұлтан:

Ұстаз бізді білім беріп өсірген,

Қатемізді әрқашанда кешірген.

«Өмір жолы-қиын жол» деп әрдайым,

Тәрбиелеп, ақылды етіп өсірген.

Досмұхаммед:

Жақсы ұстаздың шын мәңгілік пайдасы,

Бақытты боп әркез гүлдей жайнашы.

Ұстаз болу бақыт, әрі абырой,

Ұстаз деген шәкірттердің айнасы.

Мұхаммедияр:

О, ұстаздар, басымды ием сіздерге,

Күллі әлемнің мұғалімдер күнінде.

Жүрегімнің лүпілінен шыққан сөз,

Сая тапсын ұлы ұстаздың жүрегінің түбінде.

Хор: «Ұстазым менің».

Асылайым:

Ұлы ұстазым мәпелеп,

Білім бердің бойыма.

Ілтипатты қалпыңмен,

Шуақ бердің ойыма.

Нұрай:

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген Ыбырай атамыз қандай дана!

Аділбек:

Ұстаз - шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп. Ұстаз сенімін ақтау - адамгершіліктің белгісі.

1-жүргізуші:

Ұстаз жүрегінің соғып тұруы үшін шәкіртіне жауаптылық, білімділік, жүректілік, сабырлық керек екен.

2-жүргізуші:

Иә, мыңдаған шәкірттерін білім нәрімен сусындап, жүрегіне ізгіліктің дәнін егіп, жол көрсеткен ұстаздардың ерен еңбектерінде шек жоқ – дей келе алғашқы құттықтау сөзін мектебіміздің директоры Сәкен ағайға және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бота апайға сөз береміз.

Мұғалім: Жақсы адам ғана жақсы мұғалім болса, ол өз ісіне өзі ғана сыншы, өзі ғана жауапты. Алдындағы оқушының өміріне, сана сезіміне, рухани өсуіне жауап беру, соны сезіну мұғалімнің темірқазығы. Үйрете жүріп, ізгілікке үйренетін ұстаздарымыз көбейе берсін!

ҚАЗАҚ ЕЛІ — МЕНІҢ АСЫЛ МЕКЕНІМ,



БЕКЗАТОВА Фариза Рустемовна,
 №90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған
 мектеп-гимназиясының биология пәні мұғалімі.
 Шымкент қаласы

Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларды өз Отанын сүйуге, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге үйрету, оларды туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар етіп тәрбиелеу. Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Оқушыларды отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттерге тәрбиелеу. Жаратылыстану пәнін терең ұғынып, пәнге деген қызығушылығын ояту.

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушы-лар!

Бүгінгі «Қазақ Елі – менің асыл мекенім, Отанымды әркез мақтан етемін» атты кешімізді бастаймыз.

Сөз кезегі мектеп директорына беріледі.

Мектеп директоры:

Қайта жаңғырған Республика күні биыл еліміз-де екінші жыл тойланады Қазақстан халқы 25 қазан – Республика күнін қайтадан атап өте бастады. Былтыр мерекелер тізіміне енген бұл дата – елдегі жалғыз ұлттық мейрам. Республика күнінің тарихы сонау тоқсаныншы жылдардан басталады. 1990 жылы 25 қазанда "Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы" Декларация қабылданды. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алуына жол ашқан маңызды құжат болатын. Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Алғаш рет ел аумағының тұтастығы, қазақ халқының және басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету, ұлттық болмысты қалыптастыру әрі нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Республика күні жыл сайын 25 қазанда аталып өте бастады. 1995 жылы 18 қазанда алғаш рет "Ұлттық мереке" болып жарияланды. Алайда 2001 жылы бұл мәртебеден айырылып, "мемлекеттік мереке" санатына өтті. Ал 2009 жылы сәуірде мерекелер қатарынан мүлде алынып тасталды. Осылайша он жылдан астам уақыт бойы 25 қазан – Республика күні тойланған жоқ. 2022 жылы Президентіміз Қ.Тоқаев Республика күнін

қайтаруды ұсынды. Мемлекет басшысы оған "Ұлттық мереке" мәртебесін беріп, Қазақстанның басты мейрамы ретінде атап өту туралы бастама көтерді. Тоқаевтың бастамасы халықтың қолдауына ие болып, заңға тиісті өзгеріс енгізілді. Сөйтіп былтыр Қазақстан халқы ұзақ жылдар бойы атаусыз қалған Республика күнін алғаш рет дүркіретіп атап өтті.

Құрметті мектеп ұстаздары, оқушылар!

Сіздерді 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын. Республикамыз қарыштап дами берсін, барша қазақстандықтар бақытты ғұмыр кешсін!

2-жүргізуші:

Қазақстан – менің туған анамсың,
 Өзгеде жоқ, өзімде бар даламсың.
 Кендігіңмен, молдығыңмен момақан,
 Ақыл, сабыр үлестірген данамсың.
 Елім менің атыңды атап ер жеттім,
 Ақ сүт беріп, әлдиіңмен тербеттім.
 Тербеттім де, құдіретті сөз бердің,
 Тек өзіңе тең биікпен сөйлеттім.

Қазақстан – біздің жалғыз гана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз.

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауынан

1-жүргізуші:

Қазақстан, Қазақстан – алтын күн,
 Жанымызда жарылқайтын жарқын күн.
 Атандың сен барлық әлем тілінде,
 Атыменен «Қазақ» деген халқымның.

Қабыл алыңыздар, «Қазағым» әні. Орындайтын мектебіміздің өнерлі оқушылары.

2-жүргізуші:

Қазақстан, Қазақстан – ұлы анам,
 Есіміңді естігенде қуанам
 Қазақстан – қиял жетпес биік тау,
 Қазақстан – жазғы күнгі гүл алаң.
 Келесі кезекте тындайтындарыңыз
 «Арман қала - Астана» әні.

1-жүргізуші:

Отан дегеніміз – адамның туып өскен жері, туған-

ОТАНЫМДЫ ӘРКЕЗ МАҚТАН ЕТЕМІН

туыскандарымен, жақындарымен бірге тұратын атамекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы.

Қазақстан – Туымен тұғырлы,
Елтаңбасымен еңселі,
Әнұранымен айбатты.

2-жүргізуші:

Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып, 1992 жылы 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер Ту, Елтаңба, Әнұран бекітілді. Мемлекеттік рәміздер белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман аңсарын, басқалармен байланыс мұраттарын білдіреді. Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір азамат терең түсініп, оны қастерлей білу керек.

1-жүргізуші:

Ендігі кезекті оқушылардың жыр-шумақтар оқуына берейік.

1-оқушы: Мақтансаң мақтан елім деп,

Тани біл елдік таңбаңды.
Елтаңба, Туың, Әнұран -
Тәуелсіздікке тән белгі.
Қасиетті осы рәміздер,
Еліме рух, мән берді.
Көк жүзінде көгілдір
Гүл жайнаған мөлдір нұр.

Қазақстан жалауы -
Азаттықтың алауы.

Желбірейді аспанда,
Отан орны асқарда.

2-оқушы: ТУ

Мөлдір, бұлтсыз ашық аспан күмбезің,
Бейнелеген алтын шапақ күн көзін.
Адалдық пен пәктік көңіл нышаны,
Көріп жүрмін көк туымды күнде өзім.
Көгілдір түс мөлдір, таза пәктігім,
Ырымдады болса екен деп сәтті күн.
Бейбітшілік, тыныштықтың нышанын,
Көк туымыз білдіріп тұр тап бүгін.

3-оқушы: ЕЛТАҢБА

Көгілдір түс аясында шаңырағым шарықтап,
Жүйрік пырақ қанатты тұр қанатымен қалықтап.
Сәулесіндей күннің алтын уықтар тұр шаншылып.
Қасиетті Елтаңбаға қарап тұрсақ анықтап.
Түп төрінде жұлдызым тұр жаңа жанған бағымдай.
Мәңгі бақи тұрса екен өз орнынан алынбай.
Ортасында «Қазақстан» деген жазу жазылған,
Шағандырып шабыт берген жүрегімнің қанындай.
Шаңырақ тұр арқау болып, бар жүгінді арқалап,
Шаңырағым биік болса шарықтайды шартарап.
Елім үшін шексіз өмір, тіршіліктің нышаны,
Қазақ елі бар әлемге үлгі болып тарқамақ.
Көк кілемдей желде ескен қанатты бар пырағы,
Елтаңбада екі жаққа мойын бұрып тұрады.
Желмаядай жүйрік болған, ай мүйізді пырағым,
Сол пырақпен бейнеленген ата-баба тұрағы.
Жарық жұлдыз жарқыраған Елтаңбаның төсінде,
Баршамызға бағдар берген айлы түннің кешінде.

Міне осындай суреттелген Елтаңбасы елімнің,
Әлі талай сақталады бүкіл әлем есінде.

4-оқушы: ӘНҰРАН.

Әйгілісің әуеніңмен әлемге,
Әнұраным, пәктігіңді дәлелде.
Қазағыма қайсар шабыт бергендей,
Ұран болып айтыла бер әр елде.
Жүрегінен орын алып елімнің,
Шартараптан шарықтаумен көріндің.
Әсем әнді әуеніңмен тербеткен,
Белгісің кең жазира жерімнің.
Әрлі әуенің шартарапты шайқады,
Күштілігін бүкіл халық байқады.
Шабыт берген Әнұранды әрқашан
Маңғаз елім мақтанумен айтады.

1-жүргізуші: Сахна төріне мектеп хор үйірмесін шақырамыз. Тыңдайтындарыңыз «Мен қазақтың ұлымын» әні.

2-жүргізуші:

Кен жайлауы, асау өзені, асқар тауы, мәуелі бағы,
көркем белі, жұпар лебі, ерке желі, жанға сая панамыз
көркем жеріміз – тәуелсіз Қазақстанның болашағы
біздің қолымызда. Биылғы «Білім күні» мерекесімен
сәйкес келген 1-қыркүйекте Президентіміз Қ.Тоқаев
Қазақстан халқына Жолдауын жариялап, «Су ресурсы –
еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, судың
сапасы және оның халыққа қолжетімді болуы аса
маңызды болып тұр. Жыл өткен сайын халқымыздың
саны да, экономикамыз да өседі. Бұл – қалыпты
құбылыс. Сол себепті 2040 жылдарға қарай Қазақстан-
дағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге
жетуі мүмкін. Жалпы, біз – трансшекаралық су
көздеріне тәуелді еліміз. Еуразия құрлығындағы
өзендер мен каналдар – баршамызға ортақ табиғат
байлығы. Осы су көздері біздің халықтарымызды,
экономикамызды жақындастырады. Сондықтан
көршілес әрі достас елдермен бұл мәселе бойынша
әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек»
деп атап өтті. Сондықтан туған жерімізді әрдайым
аялап, табиғатты қорғауымыз керек. Бабалар аманат-
тына адал болу, болашақ ұрпаққа аға болып, аманатты
табыстау біздің парызымыз.

1-жүргізуші:

Қазақстан – туған Отан алтын бақ,
Қазақстан – мейірлі ана, дос қымбат.
Қазақстан – бізді туған Ұлы Отан,
Әділетті жолға түскен жарқылдап.
Қазақстан – көпті көрген қария,
Бабалардың өсиетін ал тындап.
Жайнай берсін, жайнай берсін Отаным,
Қырандары биік шыңда саңқылдап.
Қазақ Елі – менің асыл мекенім,
Отанымды әркез мақтан етемін.

2-жүргізуші:

*“Республика күні” мерекесі құтты болсын!
Мереке мерекеге ұлассын!
Қош - сау болыңыздар!*



БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЖАҢЫЛТПАШТАР МЕН ТАҚПАҚТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ШИРАТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ТҮКІБАЙ Ләззат Есенқызы,
С.Әшіров атындағы жалпы білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Отырар ауданы

1. Бастауыш мектепте оқушылардың тілін ширатудың теориялық негіздері.

1.1. «Тіл ұстарту», «тіл дамыту» және «тіл ширату» ұғымдарының мәні.

Тіл дамыту жұмыстарына қатысты психологиялық ерекшеліктердің бірі – балалар психикасындағы ойлау машығын дамыту болып табылады. Сөздің өзі бейнелейтін заттан бөлектеніп, балалар санасында абстракцияланып, үйреншікті ұғымға айналу дағдысы балалар психикасында мектепке келмей тұрып та пайда болатыны белгілі. Алайда, мектеп өмірі, әсіресе, сауат ашу барысында осы дағдының қауырт жетілуін талап етеді.

Оқушылар енді тек өздері бұрын көрген немесе бірнеше рет қайталанған үйреншікті ұғымдарды (заттарды, құбылыстарды, оқиғаларды) т.б. сөз түрінде ғана қабылдап қоймай, өздері бұрын көрмеген дүниелер мен қимылдардың атауларын, сапаларын т.б. білдіретін сөздерді оқуды және жазуды меңгеріп, естерінде сақтауға мәжбүр болады, әрі мұндай сөздер әр сабақ сайын кездеседі. Осы жағдайда, мұғалім оқушыларға жаңа сөздердің мағыналарын меңгерту барысында ол мағыналардың ұғым түрінде балалар психикасында абстракциялану механизмін жақсы білуі қажет. Атап айтқанда, жаңа сөздердің мағыналарын суреттер арқылы ұғындыру, бейнелеп көрсету немесе балалардың көз алдына елестететіндей әсерлі түсіндіре білу әдістері мұғалімнен ерекше шеберлікті талап етеді.

Жаңа сөз мағыналарын меңгерту, балалардың тілін дамыту барысында ұқсату, салыстыру – топтау тәрізді ойлау дағдыларының көмегі көп болатыны белгілі. Мысалы, «қымыз» сөзі оның дәмін татып көрген бала санасында «сүт» сөзімен ұқсастырылуы табиғи жағдай. Немесе «алыс», «жақын», «биік», «аласа» сөздерінің мәні салыстырыла алынғанда балалар есінде ұзақ сақталады. Тіпті, қызыл, қызғылтым, қызғыш сөздерінің реңктерінде балалар салыстыру барысында ұғады. Сондай-ақ, оқушылардың сөздік қорындағы шашыраңқы ұғымдар оларды белгілі бір белгілеріне орай топтастырған кезде жүйелене түседі.

Бастауыш мектепте тіл дамыту, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов, Ғ.Бегалиев сияқты ғалымдардың еңбегі құнды. Әдіскер ғалым М.Қ.Жұбанова «Мектепте сауат ашудың методикасы» — деген тақырыпты зерттеу нысаны еткен. «Тіл ұстарту», «тіл ширату», «тіл дамыту» секілді терминдердің мағынасын алғаш ашып көрсеткен ғалым-профессор С.Р.Рахметова болатын. Ол «Бастауыш 1-сынып оқушыларының жазу тілін дамыту» мәселесін

зерттеп, бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамыту әдістемесінің негізін қалады. Осы іргелі еңбектің нәтижесінде қазақ мектебіндегі оқыту әдістемесін, оның ішінде оқушылардың тілін дамыту әдістемесін зерттеушілердің өзіндік мектебі қалыптаса бастады. Әдіскер ғалымдар өз еңбектерінде біздің қарастырып отырған объектімізге қатысты құнды пікірлер айтты.

Оқушының ауызша сөйлеу тілін дамытудың бастауыш сыныпта оқытылатын барлық пәндерге қатысы бар. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту, сөйлеу, жазу тілін дамытуға жауапкершілікпен қараған дұрыс.

Ауызша тіл дамыту әдістері мынадай жүйеде жүргізіледі:

Ауызша суреттеп сөйлеу әдісі. Табиғат көрінісін, суреттен көргенін, көрмеден, түрлі мәдени орындардан алған әсерін, жанды-жансыз заттарды көз алдында тұрғандай етіп суреттеп баяндауға дағдыландырады. Суреттеп сөйлеуге баулуда оқушы жауапкершілігі артады. Себебі, бір нәрсені суреттеуде, сол заттың белгілері мен ерекшеліктерін айтуда оқушы әр ұғымның атауын іздестіріп, сөздік қорын байытады.

Мәтін оқу әдісі. Мәтін оқу ауызша, жазбаша, тіл дамыту жұмыстарына ортақ категория. Мәтін оқу, мәтінді мазмұндау оқушы тілін дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдерінің бірі болып табылады.

Ойдан әңгіме, өлең шығарту әдістері. Оқушылар, әсіресе бастауыш сынып оқушылары қиялға өте бай келеді. Олар өз ойын ашық әрі анық айтуға бейім. Сондықтан оқушыларға өз қиялдарынан шағын әңгіме, ертегі айтқызып, өлең шығарту жұмысы жүргізіледі. Бұл оқушылардың ауызша, жазбаша тілін дамытады.

Оқушы тілін дамытуда жазбаша жұмыстар басты рөл атқарады.

Жазбаша жұмыстарды:

- 1) Хабарлау
- 2) Баяндау
- 3) Әңгімелеу әдістері түрінде жүргізуге болады.

Оқушы тілін дамытуға еркін тақырыптар ұсынуға немесе сұраққа жауап бергізу арқылы да әңгіме жаздыруға болады. Оқушы тілін дамытудың негізгі объектісі – шығарма жаздыру. Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат — оның ойын, пікірін әдеби тілмен жатық, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой-өрісін кеңейтуге машықтандыру болып табылады.

Түрлі-түсті суреттер немесе өз ортасына байланысты баяндау әдісі. Бұл әдістер арқылы ауызша және жазбаша баяндау негізінде сөздік қорын молайтып, тілін дамытуға мүмкіндік туады. Өз ортасына байланысты «Менің досым», «Менің әкем», «Менің күшігім» т.б.

тақырыптарда өз ойын баяндай алатын жетістікке жетеді.

Мәнерлеп оқу әдісі. Тіл дамыту әдісінің бір түрі мәнерлеп оқу. Мұның пайдалы жағы оқушылар сөйлеу тілі мен әдеби тілдік норманы сақтап оқуға төселеді. Поэзияны сүйеге, сөз байлығын еркін пайдаланып, жүйелеп айту шеберлігін жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. «Қай ертегіде кездесемін?», «Мені білесің бе?» деп алып, кейіпкерлердің үлкейтіп салынған суреттерін көрсету арқылы кім екенін, қай ертегіде кездесетінін айтқызып, мінездеме бергізу арқылы білгендерін ауызша жеткізе білуге үйрету жұмысы да тіл дамытудың негізгі бір жолы. Мұның өзі оқушылардың көркем шығарма оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі. Ең бастысы оқушылардың өзін сөйлету арқылы сөйлеу тілдері дамиды. Жаттау, мәнерлеп оқу, мазмұнын айта білу, сұрау-тапсырмаларға жауап жазу, кейіпкерлерге мінездеме бере отырып, салыстырмалы әдіске негізделіп жазылған үлестірмелі кестелерді толтыру т.б. әдістер арқылы сабақтар жүргізіліп отырса, жақсы нәтиже берері сөзсіз.

Бұдан басқа, ойды көрікті, мағыналы етіп жеткізуде сөздікпен жұмыс жасаудың септігі мол. Түсінігі қиын сөз, сөз тіркестерін түсіндіру арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту. Сөздік жұмысын үзбей қолдану барысында көркемдегіш ерекшеліктерді танытудағы басты мақсат сөздік қорды жаңа бейнелі сөздермен, сөз тіркестерімен толықтыру негізінде дамыту. Қандай пән немесе қандай сабақ түрі болмасын тіл дамыту, сөздік қорды байыту үнемі жүргізіліп отыратын жұмыс болуы шарт.

Бастауыш сыныпта жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының маңызы зор. Тілі жақсы дамыған бала ойы да дамыған, жақсы мен жаманды толық айыра

алатын, әділдік пен әділетсіздікті тани алатын азамат болып қалыптасады. Адам тілі арқылы ойын дәл жеткізе алады. Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған баланың сөйлеген сөзі де, жазғаны да түсінікті болатыны айқын. Осы міндеттерді және қарастырлған әдіс-тәсілдерді мұғалім үнемі өз жұмысында жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Тілдік норма жетілу үшін оқушының ауызекі сөйлеу тілін, жазба тілін дамыту керек. Сөйлеу арқылы ауызша тіл дамыса, еркін тақырыпқа жазылған мақала, эссе, ойтолғау, әңгіме, мазмұндама, шағын шығарма жазу арқылы жазба тілді дамытуға болады. Осы орайда айтарым, әрбір ұстаз бала тілін дамытудағы негізгі мақсаты етіп, халқымыздың тіл байлығын, мұрасын ұрпақ бойына сіңіру етіп алғаны дұрыс. Еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуының басты бағыттарының бірі ретінде өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбие мен білімін жетілдіру мәселелерінің белгіленуі де – осылардың айғағы. Әсіресе қоғамдағы оқу-ағарту саласында, ең алдымен, білім мазмұнын жақсарту, олардың қазіргі заман талаптарына сәйкес болуы қажет етіліп отыр.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

ТЕМИРБЕКОВА Айбану Мейрханқызы,
№8 жалпы орта білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы



Қазақстанда білім беру сапасын арттырудың қолайлы, тиімді бағыттарының бірі – бәсекеге қабілетті жеке тұлғаға бағдарланған жаңа білім беру мазмұнының құрылымдық жүйесін қайта құру кезеңінен өту және бұл бағытта жүргізілетін жұмыстың тиімділігін ұтымды көрсету үшін жүйелі түрде нақтыланған ұстанымдар белгіленуі қажет. Осы қажеттіліктерге қатысты мұғалімнің зертеушілік мәдениетін қалыптастырудың мазмұны, әдістемесі, тетігі мен кезеңдерін қамтитын тұжырымдарға сүйеніп, теориялық-әдіснамалық тұрғыдан қарастырады. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогиканың әдіснамалық, ғылыми таным, философиялық, әдіснамалық білімдерінің мазмұнын көрсетуге мүмкіндік беретін мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру үдерісінің теориялық үлгісін

ұсынып әдіснамалық негізін анықтаған.

Зерттеушілік іс-әрекет – алдын-ала шешімі белгісіз және ғылым саласындағы зерттеулерге тән мәселені қою, тақырыпты теориялық зерттеу, зерттеу әдістерін таңдау, практикада жүзеге асыру, өз бетінше ақпарат жинау, оны талдау және қорытынды шығару сияқты негізгі кезеңдерден тұруды болжайтын оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік міндетті шешумен байланысты іс-әрекеті.

“Методология” грек тілінен аударғанда “әдіс туралы ғылым” деген мағынаны береді.


“Метод” “әдіс” термині тікелей нақты бір нәрсеге деген жол ретінде анықталады, яғни методология мағынасы жағынан бір нәрсені тану туралы ғылым болады. Сондықтан методология зерттеу процесі туралы

ілім ретінде түсіндіріледі. Ғылыми методологияны жетілдірудің бастамасын және негізін Гегель салды, ол өз назарын бірінші болып философиялық әдістің ерекшелік сипатына, оның нақты ғылымдар әдістерінен айырмашылығына және методологияның олармен үйлесімсіздігі назар аударды. Гегель әдісі дегеніміз мазмұнының қозғалысы, құбылыстың мәнін ашып көрсету және оның мазмұнынан тыс жасалмайтындығын баса көрсетті.

Педагогикалық методологияның мәні әртүрлі түсіндіріледі: әдіс туралы ғылым, философиялық қағидаларды тікелей ғылыми зерттеулерде қолдану ретінде; арнаулы зерттеу әдістерін жасауға арналған ғылыми пән ретінде. Бұл айтылған үш көзқарас педагогика методологиясының шекарасын мөлшерсіз кеңейтеді немесе тарылтады. Қазіргі педагогика методологиясының пәні болып педагогикалық құбылыстармен оның нәтижесі – педагогикалық білімдер жүйесін зерттеу процесі екендігі анықталған. Методологиялық білімдер жүйесінде: педагогика пәні, педагогиканың категориялары, педагогиканың ғылыми білімдер жүйесіндегі рөлі, педагогиканың басқа ғылымдармен өзара байланысты, педагогика ғылымдарының жүйесі; педагогикалық пәндердің жалпы және ерекшелік міндеттері, педагогиканың анықтамалы - терминдік жүйесі жатады.

Қандай да салада болмасын ғылыми таным, таным субъектісі (зерттеуші) зерттеу процесінің барлық элементтерін білуін талап етеді:

- тақырыпты үйлестіре (дифференцировать) және оның көкейкестілігін дәлелдей біледі;
- ғылымдағы тақырыптың зерттелу жағдайын және пайда болған қайшылықтарын анықтай білуде оларды тәжірибеде піскен сұрақтардың, жасалған теориялардың (разработкалардың сәйкес келмеуі);
- зерттеу нысанасын талдамалардың, үйлестіре біледі.
- Мақсат (қандай нәтиже алуға болатындығын) нысана зерттеу пәнін анықтай алады. Қазіргі уақытта таным әдістері, олардың қалыптасуы мен даму процесі зерттеу объектісін тану мен өлшеудің анық ғылыми нәтиже бере алатын нақты әдістерін талап ететін деңгейге жақындап келеді. Олардың жеке қасиеттерін ашу арқылы танымдық қабілетін қалыптастырып, шағармашылық қабілетін дамытады. Оқыту үдерісін жаңаша методологиялық білімдер жүйесін ұйымдастыру оқытушының өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетінің артуына септігін тигізеді. Сондықтан, ғылыми-техникалық прогрестен қалмай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті.



МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ТЕЛЕФОН ҚОСЫМШАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

ТІЛЕНІШІ Шынар Абибуллақызы,
№132 жалпы орта білім беретін мектебінің
математика пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы

Жалпы орта мектепте математика пәнін оқытуда телефон қосымшаларын қолдану әдістемесі жайлы профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы былай дейді: «Математиканы оқыту үдерісінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әртүрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Мысалы, жоғары сыныптарда сабақты демонстрациялап өткізу өте тиімді және нәтижелі болады. Көрнекілік абстракты ұғымды игеруге әсер етеді. Сонымен, көрнекілік принципінің оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді терең оқуда, берік есте сақтауда алатын орыны ерекше».

Әдіскер-ғалым Ә.Бидосов көрнекілік принципінің жүзеге асыру нақтылық пен абстрактылықтың бірлігі ретінде атап көрсеткен. Мұның мәні оқытудың әрбір сатысында, білім игеру логикасының желісін басшылыққа ала отырып, сол білімдердің айрықша фактілері мен оқушылардың байқауларының немесе аксиомалардың ғылыми ұғымдар мен теориялардың алғашқы бастамаларын тауып, жеке затты қабылдаудан жалпылыққа, нақтылықтан абстрактілікке және керісінше жалпылықтан жекелікке, абстрактіліктен

нақтылыққа көшу заңдылықтарын анықтау болып табылады. Сонымен қатар оқу үдерісіне көрнекілікті пайдаланғанда бірқатар әдістемелік талаптарды орындаған жөн екені ескеріледі: көрнекі құралдар сабақтың мақсатына сәйкес іріктелуі тиіс, көрнекі құралдарды пайдаланғанда оқушылардың оларды дұрыс қабылдауын қамтамасыз ету үшін, құралдың неғұрлым маңызды жақтарына назар аударған жөн; сабақта көрнекі құралдар шамадан тыс көп болмағаны яғни мақсатқа жетуге қажеттілерін ғана пайдаланған маңызды. Егер сабақ кезінде бірнеше көрнекі құрал көрсетілуі керек болса, олардың бәрін бір уақытта емес, әрқайсысын қажетінше кезегімен пайдаланған орынды.

Сабақ кезінде мұғалімнің өзінің баяндауы мен көрнекілікті үйлестіруі елеулі рөл атқарады. Дидактикада үйлестірудің екі тәсілі белгілі. Біріншісінде көрнекі құрал мұғалімнің түсіндіруінен бұрын көрсетіледі. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың іс-әрекетін, байқағыштығын бақылай отырып, керісінше мағлұмат алуына жетекшілік етеді. Екіншісінде көрнекі құралды көрсетуден бұрын мұғалім оқу материалын түсіндіреді.

Бұл екі тәсілдің біріншісі тиімдірек, себебі ол қажетті

білімді меңгеруді қамтамасыз етумен бірге, оқушылардың байқағыштық қабілеттерінің өрістеуіне көмектеседі. Бірақ, көрнекі құралдарды шамадан тыс қолдану оқушылардың ойлау қабілетіне кері әсер ететінін ескерген жөн.

Академик Рахымбек Досымхан былай дейді: Математиканы оқытуда оқушылардың оқу материалын қабылдау – талдау және жалпылау үдерісінің мәнінен туындады. Оқу барысының әр түрлі кезеңдерінде көрнекілік түрліше функциялар орындайды. Математиканы оқыту практикасы бұл принципті жүзеге асыруға бағытталған арнайы құрал-жабдықта жасауды қажет етеді (АКТ және сандық технологиялар, т.б).

Ескеретін бір нәрсе, көрнекілікті қалай болса солай қолдана бермей, тек қажеттілігіне, тиімділігіне қарай пайдалана білудің маңызы зор. Мысалы, стереометрияның алғашқы сабақтарында фигуралардың әр түрлі моделін көрсету оқушылар үшін пайдалы болады да, кейінірек олардың кеңістік қиялын дамытуға кері әсер етуі мүмкін» Я.А.Коменскийді (1592-1670) «Дидактиканың алтын ережесі» деп аталатын көрнекі оқыту принципін негізін қалады. Ол көрнекілікті адамның әртүрлі сезім мүшелері көмегімен қабылдайтын объекті немесе құбылыс жайлы сенімді ақпаратты алуға мүмкін

болатын компонент ретінде түсінеді, «...барлығын тек сезімдік қабылдаулармен, атап айтар болсақ: көруді – көру сезімдерімен, естуді – есту мүшелерімен, иісті – иіс сезу мүшелерімен, дәмді – дәм сезу мүшелерімен, жанасуды – сипау арқылы сезінуге болады. Егер қандай да затты бірнеше сезім мүшелерімен қабылдауға болатын болса, онда ол бірден бірнеше сезімдік қабылдауларды қамтиды».

Чех педагогы табиғаттағы заттарды тікелей қабылдау арқылы үйренуден бастауды, ал егер мұндай зат (құбылыс) болмаса, оның кескінімен немесе көшірмесімен алмастыруды ұсынды. Я.А.Коменский «Адам білімді өзіндік бақылау жасау жолымен алуы тиіс» деп үйретеді.

И.Г.Песталоццидің пікірі бойынша, көрнекі оқыту мәні оқушының ойлау мен сөйлеу қабілетін дамытуға көмектесіп, бөліктен бүтінге біртіндеп көшуге мүмкіндік беретіндігінде болып табылады.

К.Д.Ушинский көрнекілікті оқыту үдерісінде мұғалім жетекшілігімен немесе өзіндік бақылау нәтижесінде қабылданатындығына тәуелсіз түрде баланың тікелей қабылдауымен нақты бейнеде тұрғызылған ілім ретінде анықтады.

Үздік сабақ

АҚПАРАТТЫҢ СИПАТТАРЫ



СУЛТАНБЕКОВА Бибигуль,
Бәйдібек ауданы білім бөлімінің
«Шаян» мектеп-лицей коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
информатика пәні мұғалімі.
Түркістан облысы



Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.2.1.1 - ақпараттың қасиеттерін анықтау (өзектілігі, нақтылығы, анықтығы, құндылығы және тағы басқа); 9.4.1.1 - компьютерді ұзақ уақыт бойы қолдануға байланысты қауіптерді сынап бағалау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Ақпарат ұғымы мен түрлерін анықтау. Көптеген оқушылар: Ақпарат қасиеттерін салыстыру. Кейбір оқушылар: - Ақпарат қасиеттерін анықтаудың қажеттілігін түсіндіру.

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ой сергіту жаттығуы: «Телефон» ойыны. Оқушылар екі қатар болып тұрады. Мұғалім бірінші топтың топбасшысына «Сабақ болмайды» деп, ал екінші топтың топбасшысына «Ертең сағат 10:30-да сабақ болмайды» деп сыбырлайды. Топбасшысы келесі оқушыға сыбырлап айтады, соңғы оқушыға жеткенде оқушы ақпаратты дауыстап айтады. Мұғалім оқушылардан айтылған екі ақпараттың қандай ұқсастығы және айырмашылығы бар екенін сұрайды. Оқушылар пікірлерін айтады. Жаңа топ құру: «Мозаика». - берілген мақал-мәтелдердің қиындыларын құрастыру арқылы топтарға бірігеді:	1. Мұғаліммен амандасады 2. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады 3. Сабақтың мақсаттарымен танысады		Телефон А4 парағы

	<p>1. «Мың рет естігенше, бір рет көр».</p> <p>2. «Еңбегі аздың, өнбегі аз».</p> <p>3. «Ағаш айғайға құламайды».</p> <p>Кестемен жұмыс: Оқушылар кестеге білетіндерін жазады. Ақпарат түрлері. Ақпарат қасиеттері. Оқу мақсатын таныстыру, оқушылардың қажеттілігін анықтау.</p>																												
Сабақтың ортасы	<p>Миға шабуыл сұрақтарымен жұмыс жасау.</p> <p>Ақпарат дегеніміз не?</p> <p>Ақпаратты қабылдаудың қандай түрлері бар?</p> <p>Ақпараттың адам өміріндегі маңызы жайлы не айтуға болады?</p> <p>Оқулықпен жұмыс: Мұғалім жаңа ақпаратпен таныстырады, бірге талдайды. (бейнежазба, презентация, флипчарт қолдануға болады).</p> <p>Практикалық тапсырмалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өзің ақпарат алатын дереккөздердің тізімін көрсет. 2. Қызметтің негізгі түрі ақпаратпен жұмыс істеуге болатын мамандықтар тізімін жаса. 3. Өзің ақпарат көзі, ақпарат алушы болатын жағдайлар туралы мысалдар келтір. 4. Кешке қарай, сабақтан қайтқан кезде, сыныптасың күтпеген жерден қоңырау шалып, ертеңгі сабақ кестесі өзгертілгенін ескертті. Сыныптасың саған жаңа сабақ кестесін берді. Бұл ақпаратта сен үшін қандай қасиеттер бар? (Сенімділік, толық, өзекті, құнды, түсінікті, объективті.) <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ақпарат көзін анықтайды. - Ақпарат қасиеттерін салыстырады. <p>Топтық жұмыс:</p> <p>Ақпараттың барлық қасиеттері маңызды десек те, әртүрлі мамандық иелері үшін осы қасиеттердің бірі басқаларына қарағанда айрықша маңыздылыққа ие болады. Мысалы, журналист үшін бірінші кезекте ақпараттың өзектілігі маңызды. Әрбір мамандық иесі үшін ақпараттың қай қасиеті ерекше маңызды екеніне талдау жасаңдар.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ақпарат қасиеттерін анықтайды; - Ақпарат қасиеттерін салыстырады. <p>Жұптық жұмыс:</p> <p>Ақпараттың әрбір қасиетіне күнделікті өмірден алынған бір-бірден дәлелді мысал дайындап, ұсыныңдар.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ақпарат қасиеттерін өмірде қолданады. <p>Жеке жұмыс.</p> <p>Компьютермен жұмыс істеудің зиянды жақтарын ескеріп, өзін үшін компьютерде денсаулығына кері әсер етпейтіндей жұмыс істеу ережесін құрастыр. Құрастырған ережең денсаулығыңды қорғауға қаншалықты көмектесетінін бағала.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Компьютермен жұмыс істеудің зияндық жақтарынан қорғандың маңыздылығын тұжырымдайды. <p>Бағалау.</p> <p>Бағалау шкала әдісі бойынша жүреді. Топбасшы тапсырмаларды орындауына байланысты жасыл, сары, қызыл түстермен ұяшықтарды бояйды.</p> <table border="1" data-bbox="337 1694 993 1891"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Аты-жөні</th> <th>Топтық жұмыс</th> <th>Жұптық жұмыс</th> <th>Жеке жұмыс</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1.</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td></td> <td style="background-color: red;"></td> <td style="background-color: green;"></td> <td style="background-color: yellow;"></td> </tr> <tr> <td>3.</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>4.</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	№	Аты-жөні	Топтық жұмыс	Жұптық жұмыс	Жеке жұмыс	1.					2.					3.					4.					Мұғалімді тындайды	Смайлик	Интербелсенді тақта компьютер
№	Аты-жөні	Топтық жұмыс	Жұптық жұмыс	Жеке жұмыс																									
1.																													
2.																													
3.																													
4.																													
Сабақтың соңы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ақпараттың қандай түрлері бар? 2. Ақпараттың қандай қасиеттерін білесің? 3. Ақпаратты адам қай сезім мүшесімен ең көп қабылдайды? 4. Тарихи ақпараттың қандай қасиеттерін айтуға болады? 5. Ақпараттың өзектілігіне қандай мысалдар келтіруге болады? 	Оқулық	Өзін-өзі бағалау																										

	<p>1. Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастырады. 2. Кері байланыс: «Смайлик»</p>  <p>барлығын түсіндім</p>  <p>менде сұрақтар қалд</p>			
Үй тапсырмасы	<p>Шағын мақала дайындап келу: Адамның ақпараттық іс-әрекеті. Әртүрлі салалардағы ақпаратпен жұмыс.</p>			


АҒА АҚЫПЫ. ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ



*АХАНОВА Роза Жумабековна,
№128 жалпы орта білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Шымкент қаласы*

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	1.2.1.2 – оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.4.1.1 – айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және есте сақтау арқылы жазу.			
Сабақтың мақсаты:	- өлеңді мәнерлеп оқу; - сөздерді жазу.			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды топқа буын арқылы бөлу. 1-топ: 1 буынды. 2-топ: 2 буынды 3-топ: 3 буынды 4-топ: 4 буынды Психологиялық ахуал орнату. Тамаша балалар!</p> <p>Біз қандаймыз, қандаймыз.</p> <p>Бір бірімізді</p>	<p>Оқушылар сабаққа назар аударады</p> <p>Сыңғырлады қоңырау, Біз сабақты бастаймыз. Партамызға отырып, Өзара көз тастаймыз. Жаңа білім алуға, Алға қадам жасаймыз.</p> <p>Шұғылалы таңдаймыз.</p> <p>Қолдаймыз</p>		A4 робт

	<p>Пікіріміз</p> <p>Қателесуге</p> <p>Өткен сабаққа шолу. «Құпияны ашайын, Жауабын айтайын» әдісі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Екі буынды сөз айт. 2. Буын дегеніміз не? 3. Үш буынды сөз айт. 4. Сөздегі буын саны неге байланысты болады? 5. Тасымал дегеніміз не? <p>Қандай сөздерді тасмалдауға болмайды?</p>	<p>Құнды</p> <p>Қорықпаймыз.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұс-таз, пар-та. 2. Сөз буынға бөлінеді. <p>Сөзде қанша дауысты дыбыс болса сонша буын болады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 3. Дауысты дыбысқа байланысты. 4. Жазу жолына сыймаған сөз буынға бөліп тасымалданады. Сөздердің тасымалданбаған бөлігінен соң сызықша (дефис) қойылады. 	<p>Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!</p>	<p>Сыпайылық әдеби бейнеленген сурет А4 Суреттер</p>
<p>Сабақтың ортасы 5 минут</p>	<p>«Гүл жинау» әдісі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дыбыс нешеге бөлінеді? 2. Дауысты дыбыс нешеге бөлінеді? 3. Жуан дауысты дыбысты ата? 4. Жіңішке дауысты дыбысты ата? <p>Тыңдалым. «Ойлан, ой бөліс» Аға мен іні жайлы ғибрат тамашалайды. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.</p> <p>Оқылым 1-тапсырма. «Білімінді қолдан» әдісі. Аға ақылы. Өлеңді түсініп оқы. Жаман сөзге ермеші, Намысыңды бермеші. Ел сенімін ақташы, Абыройды сақташы. Әкім Ысқақ</p> <p>Тақтамен жұмыс. Сенім, абырой сөздеріндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ата.</p> <p>«Серпілген сауал» - Өлең не туралы? - Өлең неліктен «Аға ақылы» деп аталған? - Сөздің жуан не жіңішке айтылғанын қалай білеміз?</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Екіге бөлінеді 2. Екіге бөлінеді 3. Жуан дауысты дыбысты гүлге жинайды 4. Жіңішке дауысты дыбысты жинайды <p>Аға мен іні жайлы ғибрат туралы айтады</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. өлеңді тұтас оқиды 2. өлеңнің мазмұнын әңгімелейді 3. сенім, абырой сөздеріне дыбыстық талдау жасайды 4. сұрақтарға жауап береді 	<p>Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!</p> <p>Дескриптор: - Аға мен іні жайлы ғибрат тамашалайды - тәрбиелік мәнін ұғады</p> <p>Дескриптор: - өлеңді тұтас оқиды - өлеңнің мазмұнын әңгімелейді - сенім, абырой сөздеріне дыбыстық талдау жасайды - сұрақтарға жауап береді</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=vj00KcT5lk</p> <p>Оқулық 1-жаттығу 53 - бет Таратпа қаламсап</p>
<p>10 мин</p>	<p>8 мин</p>	<p>1. жіңішке айтылатын сөздерді жазады</p> <p>2. жуан айтылатын сөздерді жазады</p>	<p>Дескриптор «ш» әрпін көркем жазады</p>	<p>Таратпа қаламсап</p>

<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	 <p>Жұптық жұмыс. «Жұбына көрсет» әдісі.</p> <p>2-жаттығу. а) Кесте бойынша суреттерден сөздерді теріп жазады.</p> <p>2 жаттығу.</p> <table border="1" data-bbox="349 665 690 826"> <thead> <tr> <th>Жіңішке айтылатын сөздер</th> <th>Жуан айтылатын сөздер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Дәптер, көке,</td> <td>Ая, қалам,</td> </tr> </tbody> </table> <p>Талқылау сұрақтары: 1. Сөздер не себепті жіңішке айтылады? 2. Сөздер не себепті жуан айтылады? «Шар» ойыны. Әртүрлі қимыл-қозғалысты кезек-кезек жасату.</p>	Жіңішке айтылатын сөздер	Жуан айтылатын сөздер	Дәптер, көке,	Ая, қалам,	<p>Сұраққа жауап береді</p>	<p>Дескриптор: - жіңішке айтылатын сөздерді жазады - жуан айтылатын сөздерді жазады</p>	<p>Әртүрлі түстегі суреттер</p>
Жіңішке айтылатын сөздер	Жуан айтылатын сөздер							
Дәптер, көке,	Ая, қалам,							
<p>10 минут</p>	<p>3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Ой бөліс» әдісі. Сөздерді тасымалда. 1-топ: жеңіс 2-топ: жауынгер 3-топ: балапан 4-топ: жаңалық «Гармошка» әдісі. 4-тапсырма. Тасымалданбайтын сөздерді белгіле. Талқылау сұрақтары: 1. Сөздер қалай тасымалданады? 2. Кейбір сөздер тасымалданбайды, неліктен? Үйге тапсырма. «Аға ақылы» өлеңді жаттау.</p>	<p>1. сөздерді тасымалдайды</p> <p>2. тасымалданбайтын сөздерді көрсетеді</p> <p>3. себебін түсіндіреді Оқушы, ақыл, ес, бір, күшік, терезе.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>«Аға ақылы» өлеңді жаттау. 53 бет</p>	<p>«Отшашу» арқылы бір-бірін бағалау</p> <p>Дескриптор: - сөздерді әр топ тасымалдайды. - дәптерге жазады - тасымалданбайтын сөздерді белгілейді - себебін түсіндіреді</p>	<p>Оқулық 3-жаттығу 53-бет Дәптер Таратпа қаламсап</p>				
<p>Сабақтың соңы 7 минут</p>	<p>Кері байланыс. «Білім роботы» әдісі. (Бағалау) «Бәйге» әдісі. Бүгінгі сабақты толық түсіндім, сабақ ұнады (8,9,10) Бүгінгі сабақты түсіндім, сұрағым бар (6,7,8) Бүгінгі сабақты түсінбедім (4,5,6)</p>	<p>Бүгінгі сабақтан алған білімдерін сабақ бойына орындаған тапсырмасының нәтижесіне қарай жинаған смайлк санап, анықтайды.</p>	<p>Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!</p>					



САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ОҚЫТУ МЕН ОҚУҒА ЫҚПАЛЫ



ЖУРАШОВ Дилмурод,
*А.Үсенов атындағы жалпы білім беретін мектебінің
тарих пәні мұғалімі.*
Түркістан облысы, Сауран ауданы


Жалпы мақсаты:	- Оқушыларды оқытуға көңіл аударатын отырып, оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде мұғалімдерге Lesson Study-ді ұсыну. - Мұғалімдер топтарының арасында тәжірибені жетілдіру құралы ретінде Lesson Study-ді қалай пайдалануға болатынын көрсету.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер: - Lesson Study үдерісін оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру, мұғалімдердің тәжірибелік білімін зерделеу құралы ретінде мектептерде Lesson Study тәсілін пайдалану үшін әріптестермен қалай ынтымақтастық орнатуға болатынын біледі; - Lesson Study кезінде әріптестерге қалай қолдау көрсетуге болатынын түсінеді.
Түйінді идеялар:	Lesson Study – бұл сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер топтарының Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлауын, оқуын, қадағалауын және талдауын көздейді; Lesson Study мұғалімге әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту тәжірибесі туралы ойлануға мүмкіндік береді; Lesson Study циклі сабақтың оқушылар қажеттілігіне сәйкес келуі мақсатында мұғалімдерге инновациялық педагогикалық тәсілді жетілдіруге немесе оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді; Lesson Study нәтижелері мектептегі әріптестерге және басқа мектептерге таратылады.
